

Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округі Жаңақала ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 41 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 шілдеде № 3944 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Жаңақала ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Жаңақала ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақала ауданы Жаңақала ауылдық округі Жаңақала ауылындағы кейбір көше атаулары:

"Переулок" көшесі – "Лиза Губашева" көшесі;

"Ферма" көшесі – "Халила Нәжімғалиева" көшесі деп қайта аталсын.

2. Жаңақала ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Ә. Меңдәлі) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңақала ауылдық округі әкімінің орынбасары Ж. Бактигереевке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Е. Танзенов